

Тіркеу № _____

«__» _____ 20__ ж.

(Қордың тіркеу нөмірі мен күні)

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 2021 жылғы 18 ақпандағы

№17/6/18-02-21/п шарттың Үлгі нысанына

№2 Қосымша келісім

« 01 » 04 2022 жыл

Алматы қ.

2021 жылғы 18 ақпандағы №17/6/18-02-21/п зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) осы №2 Қосымша келісім (бұдан әрі – Қосымша келісім) келесі тараптар (бұдан әрі - Тараптар) арасында жасалды:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2013 жылы 22 тамызда Алматы қаласындағы Әділет департаментінің Бостандық ауданының Әділет басқармасымен берілді, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Курманов Жанат Бостанович,

Инвестициялық портфельді басқарушы, «Halyk Global Markets» акционерлік қоғамы («Қазақстан Халық банкі» АҚ еншілес ұйымы), құнды қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген №3.2.236/13 лицензия, 2020 жылғы 15 шілдеде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілді, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) 971040000210, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Салимов Тимур Рафхатович.

Тараптар келесідей келісімге келді:

1. Басқарушының Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 18 ақпандағы №4 сырттай дауыс беру хаттамасымен бекітілген, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Шарттың 3-тармағында көзделген Инвестициялық декларация Басқарушының Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 10 наурыздағы №9 хаттамасымен бекітілген, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Инвестициялық декларацияға ауыстырылсын.

2. Басқарушы Инвестициялық декларацияның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестілігі үшін жауапты болады.

3. Осы Қосымша келісім Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, Қорда тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы Қосымша келісіммен қозғалмаған Шарттың барлық талаптары өзгеріссіз қалады және Тараптар олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

5. Осы Қосымша келісім бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан, мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

Тараптардың деректемелері мен қолдары

Қор

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
A25C9X9, Алматы қ.,
Самал-2 шағын ауданы, 97-үй,
13 т.е.ү., Samal Towers БО
БСН 971240002115
ЖСК KZ776010131000118840,
БЕК 15
«Қазақстан Халық банкі» АҚ
БСК HSBKKZKX
тел: +7 (727) 331-66-99

Басқарма Төрағасы
Курманов Ж.Б.

(қолы)

мөр орны



Басқарушы

«Halyk Global Markets» акционерлік қоғамы («Қазақстан Халық банкі» АҚ еншілес ұйымы)
A26F8D4, Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев д-ы, 240 Г
БСН 971040000210
ЖСК KZ486017131000000478,
БЕК 15
«Қазақстан Халық банкі» АҚ
БСК HSBKKZKX
тел: +7 (727) 339-95-55

Басқарма Төрағасы
Салимов Т.Р.

(қолы)

мөр орны

